

Әрқашан әдемі болайық!
Деніміз сау болсын!
Достарымыз көп болсын,
Күніміз жарқын болсын
Нанымыз көп болсын
Ата-анамыз аман болсын
Бүгінгі күн жақсы болсын!
Сәтті болсын!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, қане біздің осы айтқан жылы сөздерімізден не құралды? – **Күзгі ағаш.**
Жапырақтардың түсі қандай? – Сары
Сары жапырақтар қай мезгілде болады? – Күз мезгілінде.



Сұрақ – жауап айдары:

- Бір жылда неше жыл мезгілі бар?
- Төрт жыл мезгілі бар
- Қалай атаймыз?
- Көктем, жаз, күз, қыс
- Жылдың қай мезгіліне келіп жеттік?
- Күз

Күз – осень – autumn

- Күз неше ай қонақта болады?
- 3 ай
- Күз айларын атайықшы?
 - Қыркүйек, қазан, қараша



Күз ерекшелігі қандай?

- *Күн суыта бастайды, адамдар жылы киімдерін киеді, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Жапырақтар сарғайып түсе бастайды. Жемістер мен көкөністер піседі. Егіс алқабы да пісіп қамба дәнге толады. Қатты жаңбыр жауған кезде адамдар жылы киініп, қолына қолшатыр ұстайды.*
- *Күзде адамдардың еңбегі орасан зор. Олар көктем мезгілінде еккен егінді, жемістер мен көкөністерді жаз бойы суарып, баптайды. Арам шөптерін жұлады. Сөйтіп күзде жыл бойы еккен еңбегінің жемісін көре бастайды.*

Тәрбиеші: Балалар алмадан басқа қандай жемістерді білесіңдер

Балалар: алма, алмұрт, жүзім, шие, анар, алша, құлпынай.

Тәрбиеші: Қандай көкөністерді білесіңдер.

Балалар: Сәбіз, қияр, қызанақ, картоп, қырыққабат, қауын, қарбыз, жуа, т.б.

Тәрбиеші: Жемістер қайда өседі?

Балалар: Ағаштың басында

Тәрбиеші: Көкөністер қайда өседі?

Балалар: Жерде өседі.

Интербелсенді тақтадан жемістер мен көкөністер туралы бейнебаян көрсетіледі.

Ғажайып сәт: Хат тасушы келеді.

Хат тасушы: -Сәлеметсіңдер ме, балалар? Бұл қай топ екен? «Айгөлек» тобы ма?

Менің сендерге видео хабарламам бар. –Мінеки, алыңыздар. (хат тасушы қоштасып кетіп қалады)

Тәрбиеші: -Балалар, қалай ойлайсыңдар, бұл видео хабарламада не бар екен? Мүмкін біреу бізбен өз қуанышымен бөліскісі келетін шығар, ал мүмкін керісінше біреу қиын жағдайға тап болып, біздің көмегіміз қажет шығар. – Қане интербелсенді тақтаға қарайық. Тақтадағы бейнетаспада Күз ханшайымы өзінің бағына балаларды қонаққа шақырып жатыр екен. Балалар қызығушылық танытады.

